

**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім
бөлімі Көкшетау қаласының
Сәкен Жүнісов атындағы № 18 мектеп- лицейі» КММ білім беру қызметін
өзін-өзі бағалау
АНЫҚТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» және «Білім ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» әдістемелік ұсынымдары негізінде мектепте өзін-өзі бағалау өткізіліп, аналитикалық анықтама құрастырылды.

Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалау 2022 ж.17.06. №195 бұйрығымен бекітілген мектепшілік комиссиясы өткізді.

Комиссия құрамында:

Комиссия төрағасы: Сарсембаева Б.В. - мектеп директоры

Комиссия мүшелері: Куликов Д.Т.-ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары

Кабенова Л.Д.- оқу ісінің меңгерушісі

Сарсембаева Б.В.- оқу ісінің меңгерушісі

Сатпаева Б.Д.- оқу ісінің меңгерушісі

Кенжетаева Ұ.Е.- тәрбие ісінің меңгерушісі

Бейсеков А.Н.- әкімшілік-шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары

Абуталипова Ғ.Ш.- бас есепші

Ахметова А.Ж.- кітапхана меңгерушісі

Зейнулдина Қ.Ж.- іс жүргізуші

Бралина С.С.- казак тілі мен әдебиеті

ӘБ жетекшісі

Калиева С.А.- орыс тілі мен әдебиеті

ӘБ жетекшісі

Нурумова Ж.К.- математика, физика, информатика

ӘБ жетекшісі

Мукушева Р.П. – баспауын сынып ӘБ жетекшісі

Шегирова Ж.Б.- педагог- психолог

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.

2021-2022 оқу жылының Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің
толқу жаты

Атауы	Сипаттамасы
Мектеп атауы	Ақмола облысы білім басқармасының, Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі, Көкшетау қаласының «Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп – лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Оқыту тілі	Қазақ
Типі	Мектеп-лицейі
Бейіні	жаратылыстану- математика қоғамдық- гуманитарлық
Базалық төлемақысы, айына	375,0
Салынған жылы	1987
Лицензия номері	28.08.2017жыл № КК55ЛАА00010075
Қосымша жабдықтауы	Ғимарат саны - 2 (оқу ғимараты); Типтік ғимарат; Қабаттылық-3; Жалпы ауданы-10530,5 ш. м. Оқу кабинеттерінің саны – 68; Спорт залы-2; Жылыту жүйесі-орталықтандырылған, сумен жабдықтау, көріз – орталықтандырылған; 5 компьютер кабинеті бар (280 компьютер), 8 интерактивті панель.-
Телефон	8 (7162) 77-08-89
Мектеп сайты, электрондық поштасы	http://sc0016.kokshetau.akmoedu.kz/ shkola18kaz@mail.ru
Мекен-жайы	Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ж.Саин көшесі, 24 А

І.Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, максаттары мен міндеттеріне сәйкестігі. *(бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі):*

Мектепті басқару стратегиялық және ағымды жоспарлау арқылы жүзеге асады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның қызметі, барлық бағыттағы оқу-тәрбие процесі толық талданады. Жүзеге асқан міндеттер талданып, келесі оқу жылына мақсат пен міндеттер белгіленеді.

Мектепте барлық бағыттағы оқу-тәрбие жұмысының жалпы жоспары құрастырылады және құрылымдық бөлімшелердің жеке жоспарлары бар. Оқу-тәрбие жұмыс жоспары тараулар бойынша құрылған:

1 тарау- мектеп туралы анықтама, өткен оқу жылының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының сараптамасы көрсетілген.

2 тарау- тегін жалпы білім алуға бағытталған мектеп іс-әрекетін ұйымдастыру жоспары, педагогикалық кадрлармен жұмыс жасау жоспары, тәрбие беру жұмысының жоспары, психологиялық қызметтің жұмыс жоспары, әлеуметтік педагогикалық қызметтің жұмыс жоспары, оқу-тәрбие процесін басқару, мектепшілік бақылау жоспары, ата-аналар, отбасы мен қоғаммен жұмыс жасау жоспары, мектеп кітапханасының жұмыс жоспары, материалдық-техникалық базаны жақсарту жоспары.

3 тарау- қосымшалар (ӘБ жұмысының жоспары, қамқоршылық кеңес жоспары, педагог қызметкерлерді аттестаттау жұмыс жоспары, біліктілік көтеру жұмыс жоспары.

II. білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. *(бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)*

Мектептің 1-2 сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен және 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығымен (11 қосымша), 1-2 лицей сыныптары (14 қосымша), 1-2 ПДТ сыныптары (4 қосымша), үйде оқыту – 1 сынып (4 қосымша), 3-4 сыныптарының оқу жоспары 2018 жылғы 04 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен (7 қосымша), 3-4 лицей сыныптары (10 қосымша), 3-4 ПДТ сыныптары (9 қосымша), үйде оқыту 3 сынып (49 қосымша), 5-9 сыныптарының оқу жоспары 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен (16 қосымша), 5-9 лицей сыныптары (19 қосымша), 5-9 ПДТ сыныптары (9 қосымша), үйде оқыту 7 сынып (9 қосымша), 9 сынып үйде оқыту (9 қосымша), 10-11 сыныптарының сыныптарының оқу жоспары 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен (21,22 қосымша), үйде оқыту 10-11 сынып (9 қосымша) негізінде құрылған.

2021-2022 оқу жылының 1 және 2 ауысым сабақтарының кестесін мектеп директоры бекітті.

Сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойлатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығындағы санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес құрылған. Кестені құру кезінде күн және апта ішінде оқушылардың ақыл-ойының жұмысқа қабілеттілік динамикасы ескеріледі. Санитарлық ереженің 73 пунктіне сәйкес, қиындық бойынша пәндердің ранжирлау кестесі дұрыс пайдаланылады.

Санитарлық ереженің 74 пункті орындалады: мектеп сабақ кестесі факультативті сабақтардан бөлек құрылады. Үйірме сабақтары қосымша кестеге сәйкес сабақтан тыс уақытта жүргізіледі және үйірме жұмысы есеп журналында белгіленеді.

Қоңырау кестесі санитарлық ереженің 75 пунктіне сәйкес құрылған.

III. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары және инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық оқу пәндері бойынша бағдарламалардың инвариантты бөлімі орындалады. Жазбана, практикалық және лабораторлық жұмыстар күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізіледі. 01.09.2021-25.05.2022 жыл аралығында «Күнделік kz» электронды журналынан мәлімет алынды. Нәтижесінде, тақырыптың толтырылуы – 100%, журналдың жүргізілуі -100%, бағалар қойылған журналдар саны - 100%, үй тапсырмасының уақтылы толтырылуы – 94.35% көрсетті. «Күнделік kz» электронды журналы уақтылы жүргізілетіндігі анықталды.

IV. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жана білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. *(бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)*

Тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарында реттейтін төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды негізге ала отырып ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында білім беруді Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жоспарланған.

Тәрбие жұмысының мақсаты: оқушы тұлғасының – патриоттық, білімді, денсаулығы мықты, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс істейтін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, Қазақстан халқының жалпыадамзаттық құндылықтары мен мәдениетін, «Мәңгілік ел» Патриоттық актісі идеясын сіңірген, толерантты, әлемге танымал және құрметті тұлға ретінде дамуы, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі көрсетуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1) жана демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриот пен азаматты қалыптастыруға; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының

осуіне, олардын балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайындығына жәрдемдесуге, мектепте бірлесіп басқару қызметін, көшбасшылықты, «Шаңырақ» және «Жас Ұлан» ББЖҰ-ның қызметін дамытуға бағытталған.

2) тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаттарын, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етуге міндетті.

3) тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарына қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың ана тілі мен мәдениетін құрметтеуге бағдарлануына ықпал ету.

4) ата-аналарды ағартуға, баланың жеке басын қалыптастыруда олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, олардың бала тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттыруға ықпал етуге міндетті.

5) жеке тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауын және кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қозғарасын қалыптастыру, жергілікті қоғамдастықтың проблемаларын шешуге қатысу арқылы экологиялық мәдениетті дамыту.

6) әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістікті қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7) Білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құруға ықпал ету, мінез-құлықтың жаңы мәдени дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнердегі және шындықтағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту.

8) салауатты өмір салты дағдыларын тиімді қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

9) оқушыларды тәрбиелеу үшін оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастық пен жұртшылықтың күш-жігерін біріктіруге құқығы бар.

10) оқушыларды қоғамға қызмет ету бағдарламаларына тарту.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі;

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;

6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;

7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы шілдедегі № 319 Заңы;

- 8.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9.ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10.ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында оқу бағдарламаларын дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2021-2022 оқу жылында келесі жобалар жүзеге асырылады:

«Мектептің өзін-өзі басқаруы»;

«Пікірсайыс» Қозғалысы;

«Оқу күштар мектеп»;

Осы мақсат, міндеттерге жету жолында, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, аға тәлімгер, сынып жетекшілер, оқушылар кеңесі, «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдары, ата-аналар кеңестерімен бірлесе тәрбие жүйесі ұйымдастырылған. Тәрбие жүйесі әртүрлі жұмыстар негізінде құрылған: сынып сағаттары, мектеп дәстүрлерінің негізінде мектепшілік іс - шаралар, сыныптың іс - шаралары, кәсіби бағдар жұмыстар, зерттеу – ізденушілік жұмыстар, шығармашылық жұмыстар мен қатар мектептің тәрбие жұмысының негізгі 8 бағыттарымен жұмыс жүргізілді.

Тәрбие жұмысының бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Ү. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жүйелілікте сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру. *(бағаланып келе жатқан кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі)*

2021 жылдың 23 тамыз бен 27 тамыз аралығында тәрбие жұмысының жоспарлануы, тәрбие тұжырымдамасының бағыттарына сәйкестігін бақылау барысында 1-11 сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары (бағыттар бойынша жасалынған жылдық жоспары, Тәрбие жұмысының тақырыбы, мақсаты, міндеттері) тексерілді. Сынып жетекшілердің жоспарларында тәрбие жұмысының тақырыбы, мақсат-міндеттері, түсінік хаттары толтырылған. 8 бағытта (Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, Рухани

–адамгершілік тәрбие , Ұлттық тәрбие, Отбасы тәрбиесі, Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие, Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, Дене тәрбиесі, Салауатты өмір салты тәрбиесі) бағыттары бойынша жас ерекшеліктеріне тақырыптары сәйкес келеді. Өткізу мерзімі 1-2 жартыжылдыққа белгіленген.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында білім беруді Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жоспарланған. Мақсаты: оқушы тұлғасының – патриоттық, білімді, денсаулығы мықты, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс істейтін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, Қазақстан халқының жалпыадамзаттық құндылықтары мен мәдениетін, «Мәңгілік ел» Патриоттық актісі идеясын сіңірген, толерантты, әлемге танымал және құрметті тұлға ретінде дамуы, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі көрсетуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- 1) жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриот пен азаматты қалыптастыруға; жеке тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, олардың балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайындығына жәрдемдесуге, мектепте бірлесіп басқару қызметін, көшбасшылықты, «Шаңырақ» және «Жас Ұлан» ББЖҰ-ның қызметін дамытуға бағытталған.
- 2) тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидағтарын, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етуге міндетті.
- 3) тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарына қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың ана тілі мен мәдениетін құрметтеуге бағдарлануына ықпал ету.
- 4) ата-аналарды ағартуға, баланың жеке басын қалыптастыруда олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға, олардың бала тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттыруға ықпал етуге міндетті.
- 5) жеке тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауын және кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасын қалыптастыру, жергілікті қоғамдастықтың проблемаларын шешуге қатысу арқылы экологиялық мәдениетті дамыту.
- 6) әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістікті қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- 7) Білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құруға ықпал ету, мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнердегі және пәндіқтағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту.

8) салауатты өмір салты дағдыларын тиімді қалыптастыру; дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

9) оқушыларды тәрбиелеу үшін оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және жергілікті қоғамдастық пен жұртшылықтың күш-жігерін біріктіруге құқығы бар.

10) оқушыларды қоғамға қызмет ету бағдарламаларына тарту.

Мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағытында атқарылған жұмыстар

1 қыркүйек Білім күніне арналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері», «Тәуелсіздік игілігі», «Еркін елдің ертеңі кемел білім мен ана тілінде» атты тақырыптық сынып сағаттары өткізілді.

Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 22 қыркүйек 11 сынып оқушыларының қатысуымен Көкшетау қаласының тарихи музейімен бірлескен «Тәуелсіздік белесіндегі Көкшетау» атты тарихи танымдық сабағы, 08 қазан 9 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» атты доңгелек үстел, 14 қазан 3 сыныптарға арналған «Тәуелсіздік-ел тірегі!» таңғажайып алаңы сыныптан тыс іс-шаралары өткізілді.

«Индустриялық-инновациялық даму. Цифрлық экономика» күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар негізінде 2021 жылдың 1-7 қарашасы аралығы іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілген. Аталмыш іс-шаралардың басты мақсаты-оқушылардың демалыс кезіндегі пайдалы және белсенді іс-әрекеттерін ұйымдастыру жүйесін дамыту мен жетілдіру, бала тұлғасын жан-жақты дамыту, балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық және спорттық жұмыспен қамту, девианттық тәртіптің алдын алу. Барлық сыныптарда 29 қазан күні сыныпшілік жиналыс өткізіліп, хаттама толтырылған.

Күн тәртібінде күз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері. Күзгі демалыс уақытындағы жоспармен таныстыру сұрақтары қарастырылған.

Жоспар бойынша іс-шаралар 01 қараша күні «Эрудит - Тир» тақырыбымен аталып өтті. 4 сыныптар аралығында «Күзгі қызықтар» квест ойыны, 5-9 сыныптарда «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойыны, 10-11 сыныптарда Пікір-сайыс ойыны өтті. Іс-шаралар жоспарға сәйкес уақытылы өткізілді.

02 қараша «Күзгі серуендеу» тақырыбы. 1-4 сынып «Күзгі әлем» шеберлер мектебінің көрмесі, 5-9 сыныптар сәнді киімдер үлгісі байқауы, 10-11 сыныптар «Күз ханшайымы» сайысы өтті. 1-4 сыныптар аралығында өткен «Күзгі әлем» көрмесі 1 сыныптар, 3 сыныптар жақсы деңгейде атап өтті. 2-4 сыныптарда жоспарға сай уақытылы өткізілмеді. 5-9 сыныптар аралығында өткізілген сәнді киімдер үлгісі байқауына 5 сыныптар жақсы, 6 сыныптар орташа дәйімділік, 7 сыныптар 7 «А», 7 «Д» сыныбынан мүлде қатыспады. 03 қараша Кино күні Фильм! тақырыбымен өтті.

1-4 сыныптар «Менің де атым Қожа» фильмін, 5-9 сыныптар «Томирис» фильмін, 10-11 сыныптар «Жау жүрек мың бала» фильмін тамашалап, талдады. 4 қараша

күнінің тақырыбы «Хогвартс», «Пайдалы, дәмді» /жас аспазшыларға арналған квест/, «Күзгі тағамдар» квест ойыны, «Таза сенбіліктер қажеттілігі» тақырыбында диспут, 05 қараша маңызды дағдылар тақырыбымен Ойын-саyahат «Омір өзегі денсаулық» жұкпалы арулардын алдын алу, 5-9 сыныптар электрондық темекінің зияны дәріс, 10-11 сыныптарға онлайн-тренинг «Стресс және онымен күресу жолдары». 06 қараша мұражай сағаты, 07 қараша отбасылық хобби күні болып аталып өтті. Қорытындылай келе, күзгі демалыс күндеріне арналған іс-шаралар онлайн, оффлайн форматта жоспарға сай өз деңгейінде өткенін атап өткен жөн. Оқушылар мен ата-аналар демалыс уақытында спортпен, шығармашылықпен, қайырымдылықпен айналысып, күзгі демалыстың пайдалы өтуіне белсенділікпен атсалысып, өз үлестерін қосты.

ҮІ. білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).

Мектептің 10-11 сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашалағы № 500 бұйрығымен және 2021жылғы 26 наурызлағы №125 бұйрығымен 21,22 қосымшасына сәйкес бейінді оқыту іске асырылады:

10А,11А, 11В сыныптары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей – дүниежүзі тарихы-география, стандартты деңгей – физика.

10Ә, 11Ә, 11Б сыныптары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей – физика -география, стандартты деңгей – дүниежүзі тарихы.

10Б сыныбы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жаңартылған мазмұнның типтік оқу жоспары төмендетілген оқу жүктемесі бойынша жүргізіледі. Тереңдетілген деңгей химия-биология, стандартты деңгей – дүние тарихы.

ҮІІ. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі).

2021-2022 оқу жылында жеке оқу жоспарлары және бағдарламалары арқылы оқытылатын оқушылар жоқ.

ҮІІІ. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі).

Мектепте вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау

курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы сәйкес іске асырылады. Осы өлшем бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспары бойынша вариативтік компонент сағаттары бөлінген.

Таңдау бойынша курсынан 3-4 сыныптарында «Логика әлемі» - 1сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындар компонентінен 1- сыныптарында «Ырғақты гимнастика»-1сағат, 2, 3, 4-сыныптарында «Ұлттық ойындары» - 1сағат жүргізіледі.

5- сыныптарда оқыту «Тіл білгірі»-1 сағ, «Сөз сыры»-1 сағ.,

6- сыныптарында «Сөз жасам»- 1 сағ., «Ұлы дала тарихы»- сағ, «Әдебиет әлемі»- 1сағ, «Практикалық грамматика»-1 сағ, «Логикалық есептер»-1 сағ, «Сөз өнері»-1 сағ.

8- сыныптарында «Үштілдік және информатика -1 сағ, «Химиялық есептерді шығару»-1 сағ, «Көркем сөйлеп үйренейік»- 1сағ, футбол сабағы-1 сағ.

9- сыныптарда зайырлылық және дінтану-1 сағ, Абайтану-1 сағ, футбол сағ.

10- сыныптарында «Биология және денсаулық»-1 сағ, «Химия және қоғам»- 1сағ,

11 сыныптарында «Химия және экология» -1 сағ, «Экология және биосфера»-1 сағ, «Елтану»-1 сағ, «Физикадан күрделі есептер шығару»-1 сағ.

Олимпиадалар қорытындысы

5-6 сынып оқушыларына арналған «Дарын» республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі ұйымдастырылып, өткізілді, олимпиадаға 79 оқушы қатысты. Оның ішінен 1 орын алған 12 оқушы қалалық екінші кезеңге жолдама алды, 11 оқушының 6-ы жүлделі орындарға ие болды. Бұл 54,6 пайызды құрайды. Олар математика пәнінен 5-сынып оқушысы Қанар Ақназар I орын пән мұғалімі Рамазанова Бахытжамал Галиевна, жаратылыстану пәнінен 5-сынып оқушысы Мирзатаева Гүлім I орын пән мұғалімі Далдиева Перизат Жақыпбекқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 5-сынып оқушысы Даулетова Мадина II орын пән мұғалімі Бралина Сандуғаш Советқызы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 5 сынып оқушысы Ахансері Диана II орын пән мұғалімі Муратова Бакытгуль Бактыгелдықызы, жаратылыстану пәнінен 6-сынып оқушысы Жантемир Азамат II орын пән мұғалімі Каримжанов Мурат Аманжолович, Қазақстан тарихы пәнінен 6-сынып оқушысы Султанова Алуа III орын пән мұғалімі Абраева Лиана Толтаевна.

I орын алған 2 оқушы олимпиаданың облыстық кезеңіне, яғни іріктеуден өту үшін тест тапсырып, тестілеудің қорытындысы бойынша 5- сынып оқушысы Қанар Ақназар облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңнің нәтижесі бойынша математика пәнінен 5 сынып оқушысы Қанар Ақназар III орынға ие болды пән мұғалімі Рамазанова Бахытжамал Галиевна.

7-8 сынып оқушылары арасында «Білім турнирінің» қалалық кезеңіне мектебімізден 10 оқушы қатысып, олардың ішіне 2 жүлделі орын болды.

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Пән	Орын	Пән мұғалімі
1	Азатхан Бекзат	8	математика	2	Кушимбаева Г.В.
2	Сейлбекова Наргиз	7	биология	3	Сарсембаева Б.В.

Бұл қатысқан оқушылардың 20 % құрайды. Келесі оқу жылында пән мұғалімдері оқушыларды аталмыш турнирге сапалы дайындаулары қатаң бақылауға алынады.

9-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша 31 оқушымыз қалалық олимпиадаға қатысып, оның ішінен 6 оқушымыз жүлделі орынға ие болды. Бұл 19 % құрайды.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Орны	Пән мұғалімі
1	Ергалиева Меруерт	11	Қазақстан тарихы	1	Абилкадыров А.Б.
2	Ермаған Шұғыла	9	Қазақ тілі мен әдебиеті	1	Амрина А.Б.
3	Рамазанова Диляра	10	Орыс тілі мен әдебиеті	2	Баймагамбетова С.А.
4	Шаринова Фарида	11	Математика	3	Абилова Б.Т.
5	Төлеген Нұрсауле	11	География	3	Зайтин У.
6	Есенбекова Ажар	11	Орыс тілі мен әдебиеті	3	Кенжебаева А.К.

Қалалық кезеңнен 1 және 2 орын алған 3 оқушымыз облыстық кезеңге жолдама алды. Ергалиева Меруерт Қазақстан тарихы пәнінен 1 орын, Рамазанова Диляра орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 3 орын, Ермаған Шұғыла қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен грамотамен марапатталды.

11 сынып оқушысы Ергалиева Меруерт Қазақстан тарихы пәнінен олимпиаданың Республикалық кезеңіне қатысты. Окінішке орай, орын болмады, сертификатқа ие болды.

Республикалық пән олимпиадалары

Оқу жылы	Қатысушы	пән	Қатысушының ТАӘ	нәтижесі
2021-2022	1	Қазақстан тарихы	Ергалиева Меруерт	-

Облыстық пән олимпиадалары

2021-2022 оқу жылы	
Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны
4	4
	1 орын-1 3 орын-2 Грамота-1
	100 %
1.Қапар Ақназар (математика)-3 орын 2.Ергилаева Мәруерт (Қазақстан тарихы)- 1 орын 3.Ермаған Шұғыла (қазақ тілі мен әдебиеті)- грамота 4.Рамазанова Дилжара (орыс тілі мен әдебиеті) -3 орын	

Қалалық пән олимпиадалары

2021-2022 оқу жылы	
Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны
43	12
	30 %

Сәуір айында мектепшілік 2-7 сыныптар арасында «Зерде» және 8-10 сыныптар арасында ғылыми жобалар байқауы өткізілді, барлығы 25 оқушы қатысып, қалалық кезеңге сараптама комиссиясы 7 жобаны ұсынды, қалалық кезеңде 6 жоба жүлделі орындарға ие болды және жетінші жоба үшін грамотамен марапатталды.

2-7 сынып жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» және 8-10 сынып оқушыларының ғылыми жоба байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздары.

№	Оқушының аты-жөні	пәні	сыныбы	тақырыбы	орны	пән мұғалімі
1	Кенес Нұрай	информатика	6 «В»	«Мобильды қосымша- заманауи және тиімді»	3	Кулмағанова К.Ж.

Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің механика-математика факультетінің базасында Ө. Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобаларының Халықаралық конкурсында қол жеткізген ерекше жетістіктері үшін 9 сынып оқушылары Мәлік Жасұлан және Бакбаева Камила мадақтау қағазы және сертификаттармен марапатталды

2-7- сынып оқушыларының арасында зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар «Зерде» байқауының облыстық кезеңіне 3 оқушы қатысып, екеуі жүлделі орындарға ие болды:

III орын- Айдарбек Әдемі 5 «Г» сынып оқушысы;

III орын -Садуақас Әдия 4 «А» сынып оқушысы.

8-11 сынып оқушыларының арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық жобалар байқауының облыстық кезеңіне 3 оқушы қатысып, екеуі жүлделі орындарға ие болды:

III орын- Бакбаева Камила 9 «А» сынып оқушысы;

III орын -Мәлік Жасұлан 9 «А» сынып оқушысы.

2021-2022 оқу жылындағы «Шығармашылық конкурстар» нәтижесі

Жалпы білім беретін мектептердің 9-10 сынып оқушылары арасында «Менің кіші Отаным» республикалық байқауының қалалық кезеңінде «Кіші Отанымның рәміздері» номинациясы бойынша Сайранбаева Ақдидар 3 орынға ие болды. Жетекшісі:Шукирхан Бахатгуль.

Республикалық «Бала дарыны» жасөспірімдер байқауы жобасы аясында Абай Құнанбайұлының «Күз» өлеңін мәнерлеп оқу сайысында мектебіміздің 1-4 сынып оқушылары арасынан 69 оқушы қатысып жүлделі I, II, III-ші дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Дарынды шәкірт дайындағаны үшін сынып жетекшілері дипломмен марапатталды.

«Қазақ ерос» республикалық ағарту жобасының «Ер Едіге» қаһармандық жырын жатқа айту бойынша «Тұлпар мініп, ту алған» республикалық байқауының аясында ұйымдастырылған «Батырлар жыры-тәрбие көзі» қалалық байқауында 10 «Ә» сынып оқушысы Ерланұлы Нигмат I дәрежелі дипломмен марапатталды пән мұғалімі Нурмуқанова Жумагуль Жабеновна, 7 «А» сынып оқушысы Сейльбекова Наргиз II дәрежелі дипломмен марапатталды пән мұғалімі Сағындықова Заурен Жамбыловна.

Облыстық кезеңде 10 «Ә» сынып оқушысы Ерланұлы Нигмат байқауға белсенді қатысканы үшін грамотамен марапатталды, пән мұғалімі Нурмуқанова Жумагуль Жабеновна алғыс хатпен марапатталды.

Абай оқулары республикалық байқауы қалалық кезеңінің «Ұлылар әлемі» номинациясы бойынша Ермаған Шұғыла III дәрежелі дипломмен, «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Ренатовна Асия грамотамен марапатталды.

Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, көсемсөз шебері, ақын, түріктанушы, әдебиет зерттеушісі, аудармашы, ағартушы, қазақ тіл білімінің негізгі салушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұв: ұлт тілі, әдебиеті, болашағы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен интеллектуалды онлайн олимпиадасында жоғары нәтижеге қол жеткізгені үшін II сынып оқушысы Шукаева Айымгуль II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жас тарихшылар және өлкетанушылардың зерттеу ғылыми жобалар байқауында 9 сынып оқушысы Мухамадиева Аделъ III дәрежелі дипломмен және 7 сынып оқушысы Мәлік Нұрай грамотамен марапатталды.

Көкшетау қаласы білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушылары арасындағы қазақ тілі мен әдебиетінен Қанипа Бітібаева атындағы республикалық олимпиадасы қалалық кезеңінде 11 сынып оқушысы Ақыжанова Мейргүль II дәрежелі дипломмен және 9 сынып оқушысы Ақжігіт Дильназ III дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында 10 сынып оқушыларының арасында «Хат жаздым қалам алып..» үздік эссе қалалық байқауында 10 сынып оқушысы Рамазанова Диляра III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақтың бас ақыны «Ахмет Байтұрсынұвын» 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұв – ұлттың ұлы ұстазы» атты қалалық «Ахмет оқулары» офлайн байқауына 7 сынып оқушысы Сейітбекова Наргиз 3 орынға ие болды.

8-11 сынып оқушылары арасындағы «Тіл дарыны» қалалық байқауына 11 сынып оқушысы Кажигалиева Айжан 3 орынға ие болды.

М.В. Ломоносов атындағы XXIII турнирінде физика пәнінен III дәрежелі дипломмен 11 сынып оқушысы Есентемірова Назира марапатталды, жетекшісі Шокимова Гүлмира Кулимбаевна III дәрежелі лауреатын дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

М.В. Ломоносов атындағы XXIII турнирінде математика пәнінен II дәрежелі дипломмен 7 сынып оқушысы Сағатай Ерасыл марапатталды, жетекшісі Пурумова Жанар Қосмановна II дәрежелі лауреатын дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» атты қалалық робототехника сайысында «SMART CITY» шығармашылық категориясы бойынша Kokshe citi командасы I орын иеленгені үшін мадақтамамен және 30 мың теңге сертификатымен марапатталды. Жетекшісі: Айнабеков Қасымбек Бөтирбекұлы.

Р.Есенберлиннің 105 жылдығына арналған «Уақыт – байланыстырушы желі» білім беру ұйымдары музейлерінің облыстық байқауында «Бір жәдігер тарихь» номинациясы бойынша ғылыми жоба «Көне жәдігер M12 жазу машинасы» тақырыбында 7-сынып оқушысы Сейітбекова Наргиз I орын Дипломмен және бағалы планшетпен марапатталды. Жетекшісі: Сағындықова З.Ж.

IX. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етілген. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниестану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

X. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.

2021-2022 оқу жылында жолда жүру ережелеріне байланысты тәрбие жылдық жоспарына сәйкес «Жаяу жүргінші», «Абайла, балақай»,

«Оқушылардың көшеде және жолда жүру тәртібінің негізгі ережелері», «Жол қозғалысын басқарудағы жол белгілерімен және сигналдарымен танысу», «Көше және жол» белгілері. Бағдарламалар. Қозғалыс бағыттаушы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Абайла, балақай» республикалық онкүндік аясында тақырыптық суреттер сайысы, байқаулар, жадынамалар тарату шаралары өткізілді. Сонымен қатар бастауыш сыныптарға жол департаментінің қызметкерлері тарапынан практикалық сабақ, дәрістер жоспарға сай өткізілді. Ата-аналар, сыныпшылық жиналыстарда сынып жетекшілер тарапынан мәлімет беру, сақтандыру, жол қауіпсіздіктері туралы ескертулер жасалынып, хаттамалар толтырылады.сағаттар.

XI. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. (Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі белгі материалдар қоса беріледі.)

2021-2022 оқу жылында педагогтердің саны – 123. Жоғары білімді - 112, арнайы орта білімді – 11 педагог. Біліктілік санаттары жетілдіру Бастауыш сыныптарда барлығы – 29 мұғалім жұмыс жасайды.

Оның ішінде:

педагог- зерттеуші санатты – 14 мұғалім;

педагог-эксперт санатты – 8 мұғалім.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 75,8%.

5-11 сыныптарда 94 мұғалім жұмыс істейді. Оның ішінде негізгі қызметте - 93 мұғалім, 1- мұғалім қосалқы қызмет атқарады.

Оның ішінде:

жоғары біліктілік санатты – 2 мұғалім;

бірінші біліктілік санатты – 5 мұғалім;

педагог-шебер санатты – 2 мұғалім;

педагог- зерттеуші санатты – 34 мұғалім;

педагог-эксперт санатты – 14 мұғалім.

5-11 сыныптарда жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі - 60,6 %

Жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі - 64,2,5%.

2021-2022 оқу жылында педагогтердің саны – 123. Жоғары білімді - 112, арнайы орта білімді – 11 педагог. Біліктілік санаттары жетілдіру

Бастауыш сыныптарда барлығы – 29 мұғалім жұмыс жасайды.

Оның ішінде:

педагог- зерттеуші санатты – 14 мұғалім;

педагог-эксперт санатты – 8 мұғалім.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 75,8%.

5-11 сыныптарда 94 мұғалім жұмыс істейді. Оның ішінде негізгі қызметте - 93 мұғалім, 1- мұғалім қосалқы қызмет атқарады.

Оның ішінде:

жоғары біліктілік санатты – 2 мұғалім;

бірінші біліктілік санатты – 5 мұғалім;

педагог-шебер санатты – 2 мұғалім;

педагог- зерттеуші санатты – 34 мұғалім;

педагог-эксперт санатты – 14 мұғалім.

5-11 сыныптарда жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі - 60,6 %

Жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі - 64,2%.

Біліктілік курсынан өткен мұғалімдердің үлесі- 83%

2021-2022 оқу жылындағы кітапхана жұмысының мәліметі.

Оқу жылы кітапхана үшін қордағы оқулықтарды тарату және жаңа оқулықтарды қабылдан алумен басталды. Жаңартылған бағдарлама бойынша 1 –сыныптың оқулықтары оқушы санына байланысты және 3сыныпқа арналған «Цифрлық сауаттылық» оқулығы мен 7-8 сыныптарға «Информатика» оқулықтары жаңа оқулықтарға алмастырылды. Мектеп оқушылары оқулықтармен 100% қамтылды және мектепаралық кітап алмасу үрдісі бойынша басқа мектептермен байланыс орнатылды.

Кітапхананың жалпы алаңы- 139 кв/ м

Оқу залының алаңы- 71,2 кв/м , оқу залында -12 орын

Кітап қоймасының алаңы-68,4кв/м

Еркін пайдалану қоры- 6445

Орыс тілінде- 2501

Электронды оқулықтар саны-5871

Электронды әдебиеттер саны- 110

Кітап қоры -55001

Оқулықтар қоры- 48556

Кітапханада- - компьютер-1, нетбук-5, принтер-1
Мерзімді басылымдар- атауы-43 . Соммасы-251 мың тг.
Кітап беру саны 27599

Оқырмандар саны-1535, оқушылар саны – 1399

Кітапхана өз жұмысын республикалық « Оқуға құштар мектеп» жобасына сәйкес мектепшілік іс-шаралар жоспарын құрып жұмысын ұйымдастырды.

Кітап көрмесі кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетудің бір түрі болып табылады. Жоба бойынша кітапхана да әртүрлі тақырыпта тұрақты көрмелер және мерекелік күндерге байланысты, «Тіл – ұлттың қазынасы», «Тәуелсіздік тірегі- мәңгілік ел», « Сенім, салт- дәстүр, төзімділік», «2022 жыл – Балалар жылы», «Туған өлке қаламгерлері», «Ахмет Байтұрсынұлына-150 жыл», «Талғат Бигелдинов –ел есінде» , жанадан түскен әдеби кітаптарға кітап көрме жасалды. Көрмедегі кітаптармен таныстырылып, әдебиетке шолу жасалды.

Көкшетау ББ ұйымдастырумен Ел Тәуелсіздігінің 30жылдығына орай 4 сыныптар арасында «Менің кіші Отаным»-мәнерлен оқу сайысы ұйымдастырылды, қалалық кезеңнен Серікбай Каусар 2орын иеленді. 10 сынып оқушыларының арасында сүйікті әдеби кейіпкерге ой арнау.

«Хат жаздым саған қалам алып...»- үздік эссе жазу қалалық байқауында Рамазанова Диляра 3 орынға ие болды.

Үздік буктрейлер байқауы «Ұлы Отан соғысы көркем әдебиет беттерінде»- 7 сынып оқушысы Мұхып Жұлдыз 3 орын ие болды.

8 сынып оқушыларының арасында «Жылдың үздік оқырманы» қалалық байқауда 2 дәрежелі дипломға Жанабаева Жұлдыз ие болды.

Халықаралық балалар кітап күні мен Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау күніне ұйымдастырылған 6-9 сынып оқушылар арасында «Жақсы кітап – жан азығы» атты оқушылардың шығармашылығын анықтап,пыңдау мақсатында шығармашылық сайыс өтті.Сайысқа қатысқан 6-9 сыныптардың сынып кітабы «Менің өлкем»атпен шықты. Аталмыш сайыстың қортындысы, қалалық, облыстық кезеңдерден 1орын иелендік.

Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына байланысты өтті«Ы.Алтынсарин қазақ мектебін салушы»- мектепшілік –оқырмандар конференциясы өтті
«14 ақпан - Халықаралық кітап сыйлау күні» акциясы өткізілді.

«Біз сыныбызбен кітап оқимыз» атты сынып сағатында
Жазушы Сәкен Жүнісовтың өмір жолымен, шығармасымен толық таныстырылды.

Жобаны насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында мектептің инстаграмм парақшасында жүргізілген жұмыстар үздіксіз жарияланып отырылды. Демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін «Менің сүйікті кітабым», «Менің сүйікті әдеби кейіпкерім» челленджерді ұйымдастырышып, оқушылар оқыған кітаптарын алған әсерлермен бөлісу үшін келесі оқырманға өздерінің оқыған кітаптарын жолдады. Оқушылар арасында іс-шара барысында кері байланыстар жүргізіліп, қосымша сұрақтар қойылып көптеген маңұматтар алды.

Кітапхана жарықтандыру, санитарлық, гигиеналық талаптарға сай.

Пайдалы оқу алаңы кәсіптер бойынша зертханалар, шеберханалар, мәжіліс залы, спорт залы материалдық-техникалық базасымен жабдықталған. Санитарлық тораптар (унитаздар, қол жуғыштар) жүйелері өткізілген. Білім беру ұйымының үй-жайларында және іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылау орнатылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған; кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтеру құрылғыларымен, тұтқалармен, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояулап, жабдыктандырылып жағдай жасалды.

Компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және материалдық техникалық оқу құралдары сапалы қамтамасыз етілді.

Мектеп-лицейінде медициналық қызмет 2016 ж. 24.08. берілген №16013393 лицензия негізінде медициналық қызмет көрсетіледі.

XIV. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы:

Сынып	Инварианттық оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі
1	21,5	1	22,5
2	22	1	23
3	24	2	26
4	24	2	26
5	27	2	29
6	27	3	30
7	24	7	31
8	24	8	32
9	25	9	34
10	27	8	35
11	27	8	35

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы.

Сынып	Инварианттық оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі	Түзету оқу жүктемесі	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі
1	21	3	11	35
2	23	2	9	34
3	26	3	9	38
4	26	3	9	38
5	29	3	7	39
6	29	4	5	38
7	32	2	5	39
8	33	3	5	41
9	34	4	5	43

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Ағымдағы оқу жылында білім алушылар саны 24 және одан да артық сыныптарында орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, технология (гендер), информатика, дене шынықтыру сабақтары екі топқа бөлініп оқытылды.

Ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, информатика, дене шынықтыру және бастауыш буында өзін-өзі тану пәндері бойынша

№	Сынып	Оқушылардың саны	Топтағы оқушылар саны	
			1 топ	2 топ
1	1а	24	12	12
2	1ә	24	12	12
3	1б	22	22	0
4	1в	24	12	12
5	1г	24	12	12
6	1д	24	12	12
7	1е	5	5	0
8	2а	22	22	0
9	2ә	21	21	0
10	2б	24	12	12
11	2в	25	13	12
12	2г	24	12	12
13	2д	4	4	0
14	3а	20	20	0
15	3ә	25	13	12
16	3б	24	12	12

17	3в	25	13	12
18	3г	24	12	12
19	3д	24	12	12
20	3е	8	8	0
21	4а	25	13	12
22	4ә	26	13	13
23	4б	26	13	13
24	4в	25	13	12
25	4г	24	12	12
26	4д	8	8	0
27	5а	25	13	12
28	5ә	27	13	14
29	5б	26	13	13
30	5в	27	13	14
31	5г	28	14	14
32	5е	3	3	0
33	6а	24	12	12
34	6ә	27	13	14
35	6б	26	13	13
36	6в	26	13	13
37	6г	26	13	13
38	6д	28	14	14
39	6е	6	6	0
40	7а	24	12	12
41	7ә	28	14	14
42	7б	24	12	12
43	7г	27	14	13
44	7д	26	13	13
45	7е	7	7	0
46	8а	21	21	0
47	8ә	24	12	12
48	8б	24	12	12
49	8в	24	12	12
50	8г	6	6	0
51	8д	24	12	12
52	8е	24	12	12
53	9а	24	12	12
54	9ә	24	13	13
55	9б	24	13	12
56	9в	24	7	0
57	9г	7	12	12
58	9д	20	20	0
59	10а	24	12	12
60	10ә	29	15	14
61	10б	19	19	0

62	11a	18	18	0
63	11ә	20	20	0
64	11б	21	21	0
65	11в	18	18	0

Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылары жоқ.

ХУ. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:
ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі).

2021-2022 оқу жылының пәндер бойынша сапалық көрсеткіш мониторингі

пән	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	жылдық	динамика
Қазақ тілі	64,1	64,1	64,1	64,2	68,4	+4,3
Қазақ әдебиеті	59,7	61,1	60,1	61,5	63,4	+3,7
Орыс тілі мен әдебиеті	71,5	72,7	73,7	78,5	78,2	-6,7
Ағылшын тілі	67,6	68,8	70,1	72,2	72,2	+4,6
Қазақстан тарихы	72,5	69	71,4	68,7	73,3	+0,8
Дүние тарихы	77,5	71	72,6	67	72,7	-4,8
ҚҰҚ негіздері		74,6		68	74,8	+0,2
Әдебиеттік оқу	73,4	75,3	71,9	71	73,9	-0,5
математика	70,5	70,7	67,6	65	70,5	өзгеріссіз
алгебра	50,1	51,2	52,6	49,3	54,2	+3,1
геометрия	54	49,9	61,3	51,6	55,1	+1,1
физика	66,7	59,8	68,4	56,6	61,5	-5,2
информатика	88	89,6	88	88	89	+1
химия	56,5	60	41,7	60,8	62,2	+5,7
биология	73,9	67,1	58,3	57,1	65,9	-8
география	80,6	76,8	82	73,9	76,6	-4
жаратылыстану		78,5		77	83,3	+4,8
Дүниетану		80,1		81,8	85	+4,9

9- сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау тапсыру қорытындысы

пән	Оқушы саны	5	4	3	2	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
Қазақ тілі	126	17	63	46	0	63	100

алгебра	126	6	59	61	0	51	100
Орыс тілі	126	19	75	62	0	74,4	100
Таңдау пәні	126	29	72	25	0	80	100

11- сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау тапсыру қорытындысы

пән	Оқушы саны	5	4	3	2	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
Қазақ тілі	78	12	45	21	0	73	100
алгебра	78	17	48	13	0	83	100
Орыс тілі	78	21	40	17	0	78	100
Қазақстан тарихы	78	26	32	20	0	74	100
Таңдау пәні	78	34	38	6	0	92	100

2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау.

2, 3, 4-сыныптарында үй тапсырмасына қойылатын талаптары сақталады.

Үй тапсырмасы берілгенде әр жас ерекшелігіне қарай беріледі. 1- 2 сыныптарда үйде орындалатын тапсырма 1 сағаттан, 3 - 4 сыныптарда 2 сағаттан аспайды. Жалпы, үйге берілетін тапсырмалардың көлемі сыныпта орындалатын тапсырмадан жоғары болмайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Білім алушылардың білімін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген өлшемшарттарына сәйкес жүргізіледі. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталады.

Білім беру ұйымдарында бағалау «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ -нің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен және «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериалды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша», «Бастауын мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау» нұсқаулықтарды басшылыққа алып, мектепте формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша (білім алушылардың оқу жетістігі) балл электрондық журналға қойылады.

1-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылды.

МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау.

2021-2022 оқу жылында инклюзивті оқытумен қамтылған оқушылар жоқ.

4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

2021-2022 оқу жылында 4, 9, 11-сыныптары білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісіне қатысқан жоқ.

ХҮІ. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығына сәйкес жүргізілді;

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсанныан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 8 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес қозшынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізілді.

Министр директоры



Б.В. Сағишев